**Автор**: Әйгерім Бәкірова Нұрланқызы
**Пән**: Химия
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Ауа. Жану реакциясы
**Тақырып**: Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 7.3.1.4 -затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу 7.3.1.5 -тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру 7.3.1.6 -заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну 7.3.1.7 -металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушы-затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін біледі -тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіреді -заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсінеді -металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін біледі. Басым бөлігі:металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін біледі. Кейбірі: Жану рекциясының өнімдерін жаза алады. |
| Тілдік мақсаттар: | - затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін біледі. -заттардың ауаға қарағанда оттекте неліктен жылдам жанатынын түсінді. |
| Күтілетін нәтиже: | Әртүрлі деңгейдегі оқушыларды түгел қамту Тапсырма. 1. Мына жағдайларда: а)адамның үстіндегі киімі жанғанда ә)бензин оталғанда б)ағаш үй өртенгенде өрт сөндірудің қандай құралдары пайдаланылады. 2.Жану барысында болатын үдерістерді ата. 3.Затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атайды. |
| Бағалау критерийлері: | |
| Құндылықтарды дарыту: | |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | |
| Пәнаралық байланыс: | |
| Бастапқы білім: | |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (10 мин) | Ұйымдастыру кезең Топқа бөлу.Отын түрлері жазылған қағаз қиындылары бойынша оқушылар 3-топқа бөлінеді. 1-топ .Қатты 2-топ.Сұйық 3-топ.Газдар Жағымды ахуал қалыптастыру. Миға шабуыл Әр топ мүшелері жану қасиетіне байланысты өздерінің ұрандарын құрастырады және айтады. Үй тапсырмасын сұрауТыңдалым ,айтылым,оқылым дағдысы қалыптасады. 1-тапсырма: «Сіз қаншалықты сенесіз?» тәсілі арқылы үй тапсырмасын сұрау 1.Ауаның құрамын алғаш зерттеген француз ғалымы А.Лавуазье. 2.Көлем бойынша ауаның құрамында 78 % азот , 21% оттек, 1 % салғырт және басқа газдар бар. 3.Фотосинтез процесінде сутегі бөлінеді 4.Ауада мөлшері өзгеріп отыратын көмірқышқыл газы мен су буы болады. 5.Әсіресе автокөлік бензин жаққанда оттегі газы көп түзіледі. 6.Ауа газдар қоспасы екені XVII ғасырда анықталған. 7.Атмосфераға темекі тартудан да зиянды заттар таралады. 2-тапсырма: Жазылым дағдысы ( ҚБ 30-бет ) Ауаның сапалық құрамын кестеге толтырыңыз: Құрамдық бөлігі Газдардың мөлшері % есебімен Көлемі бойынша Дескриптор Білім алушы - ауаның құрамын кестеге толтырады; - ауаның құрамын көлемі бойынша кестеге толтырады; | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (20 мин) | Жаңа сабақ: «Үштік» әдісі Оқулық бойынша тақырып бөліп беріледі. 1-топ− жануды қолдайтын жағдайлардыпостер әдісі бойынша қорғап шығады. 2-топ жану үдерісінде болатын құбылыстарды досқа көмек әдісі бойынша қорғап шығады. 3топ− жануды болдырмайтын жағдайларды жануды тоқтату әдістерін актерлік шеберлік арқылы қорғап шығады. 1-тапсырма( ҚБ 37 бет) Жануды қолдайтын және болдырмайтын жағдайларды атап, кестені толтырыңыз Жануды қолдайтын жағдайлар Жануды тоқтататын жағдайлар Жануды тоқтату әдістері Дескриптор - жануды қолдайтын жағдайларды атайды; - жануды болдырмайтын жағдайларды атайды; - жануды тоқтату әдістерін атайды; 2- тапсырма №2практикалық жұмыс «Оқы, түсін, қадағала» әдісі топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибе №1. Интерактивті тақтада слайдтар арқылы үш түрлі тәжирибе көрсетіледі, 3 топ оқушыларына № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім көрсетіліп болған соң «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру»жұмысты бөліп беру. Мұғалім түсіндірмесі: тәжірибе жасаудың мақсаты мен нәтижесін түсіндіру. «Күкіртті оттекте жағу». Темір қасыққа күкірттің кесегін салып, спирт шамның жалынында қыздырыңыз. Күкірт ауада қалай жанады? Жанып жатқан күкіртті оттегі бар колбаға салыңыз. Енді ол қалай жанады? Тәжірибе №2. «Фосфорды оттекте жағу». Темір қасыққа шамалы қызыл фосфор салыңыз. Спирт шамында жағып, тез қасықты оттегі бар колба ға салыңыз. Болып жатқан құбылысты бақылаңыз Тәжірибе №3. «Темірді оттекте жағу». Темір сымды спирт шамда қыздырылған көмірде балқытыңыз. Сосын темір сымды оттегі бар колбаға салыңыз. Колба сынып кетпеуі үшін оның түбіне өзен құмын салыңыз. Не байқадыңыз? Фосфорды жағу Темірді жағу Күкіртті жағу Сұрақтарға жауап беріңіз: 1. Қандай құбылыстарды байқадыңыз? 2. Неліктеноттектежанубелсендіжүредідепойлайсыз? 3. Реакция өнімдеріретіндеқандайзаттартүзіледі? Дескриптор Білімалушы - күкірттіоттектежәнеауадажағып, байқалғанқұбылыс туралықорытындыжасайды; -фосфордыоттектежәнеауада жағып, байқалған құбылыс туралықорытындыжасайды; -темірдіоттектежәнеауада жағып, байқалған құбылыс туралықорытындыжасайды; -заттардыоттектежағунеліктенбелсендіжүретінін түсіндіреді; -реакция өнімдерінатайды Тәжірибенің тақырыбы Не істедіңіз? Нені бақыладыңыз? Реакция теңдеуі Заттардың оттекте жануы Әр топ өз жұмыстарын қорғап шығып практикалық жұмыс дәптеріне жазады Жаңа сабақты бекіту «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша жаңа сабақты пысықтау.Айтылым, жазылым дағдысы 3- тапсырма(қ.б-39бет) Төмендегі заттарды үш топқа бөліңіз: шырпы,этил спириті, мыс сымы, мәрмәр, антистатика- лық сұйықтық, картон Кестенің әрбір бағанасына өзіңіз екі мысал келтіріп толтыр- ыңыз Тез тұтанатын заттар Жанғыш заттар Жанбайтын заттар Дескриптор -тез тұтанатын заттарды анықтайды; -жанғыш затттарды анықтайды; - жанбайтын затттарды анықтайды; -тез тұтанатын заттарға екі мысал келтіреді; -жанғыш заттарға екі мысал келтіреді; -жанбайтын заттарға екі мысал келтіреді | |
| Сабақтың соңы (5 мин) | 1Жану қандай құбылысқа жатады. 2.Жану кезінде химиялық реакцияның қандай белгісі байқалады. 3.Жану реакциясының нәтижесінде түзілетін өнім қалай аталады. 4.Заттардың оттекте жануы мен ауада жануында қандай өзгешеліктер бар. 5.Жай заттар мен күрделі заттардың жануының қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. 6.Ауаның негізгі құрам бөлігі. 7.Оксидтер дегеніміз не. 8.Тұтану температурасы деген не. 9.Өртті болдырмаудың шараларын атаңдар. 10.Адам организмінде оттектің массалық үлесі 65 пайыз болатыны белгілі ,өз организміңде қанша оттек болатынын есепте. | |
| Рефлексия (5 мин) | Бағалау 1. Смайликтер арқылы топты өзара бағалау «Социометрия» әдісі бойынша оқушы өзін-өзі бағалау.Бұл әдіс бойынша оқушыға стикерлер беріліп тақтада ілінген социометрияға слайд арқылы көрсетілген дескрипторларға сәйкестендіріп өзінің деңгейіне алып келіп іледі. | |